

Ленин

ҚН(б)П СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СӨВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚН(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 210 (8670)

1945 жылғы 24 октябрь Сәрсенбі

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

Трактор жөндеу жұмысы кеңінен өрістетілсін!

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 28 жылдығы және республикамыздың даңқты мерекесі хұрметіне ұйымдас-тырылған социалистік жарысты күннен-күнге өрістетіп отырып, облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары, совхоздары мен машина-трактор станциялары егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыруда көрнекті табыстарға жетті. Облысымызда 60 шамалы колхоз өздерінің мемлекет алдындағы бірінші парызын мұлтіксіз өтеді. Петропавл ауданының колхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын артығымен орындап, аудандардың өзара социалистік жарысында үздік шықты. Қазір бұл ауданның колхоздарында астық бастыру және келесі жылдың көктемгі егісіне арнап тұқым қорын құю жұмыстары қызу жүргізілуде.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсырумен қатар қазіргі кезеңдегі айбынды міндеттің бірі—1946 жылдың көктемгі егісіне трактор паркінің мұлтіксіз әзірлеу болып саналады.

Трактор паркі ауыл шаруашылық жұмыстарында ең негізгі күш. Ауыл шаруашылық жұмыстарының ойдағыдай аяқталуы трактор паркінің жұмысына тікелей байланысты. Егер машина-трактор станциялары өздерінің колхоздармен жасаған шарттарын мұлтіксіз орындаса, колхоздарды ойдағыдай қамтып білсе, колхоз даласында егін өнімі неғұрлым артатыны сөзсіз. Колхоздардың өндірістік табысы жоғары, елімізге ауыл шаруашылық өнімдері еселік мол берілетін болады.

Трактор паркінің ойдағыдай жұмыс істеуі оның сапалы жөндеуіне байланысты. Бұл тәжірибеден айқын көрінеді. Үстіміздегі жылғы Шығыс Қазақстан облысының

еңбекшілер депутаттарының облыстық съезінде жөндеу жұмысының көп жерлерде әлі күнге дейін қолға алынбағандығын, МТС басшыларының бөгде себептерді бетке үстеп, бұл жұмысты көрне-көзге кезекке қойып отырғандығын сыпаттайды. Тапсырма бойынша облысымызда октябрь айы ішінде 90 трактор жөндеуге тиіс болса, осы айдың өткен 23 күні ішінде бірде-бір трактор жөндеген жоқ. Тіпті Образцовый және Коновалов МТСтарынан басқа бірде-бір МТС трактор паркін жөндеуге әлі күнге дейін кіріспей отыр. Трактор жөндеуге кіріскенімен бұл МТС тарда да осы уақытқа дейін бірде-бір трактор жөндемеген.

Көктемгі егіс жұмыстарына трактор паркін әзірлеудегі бұл сыяқты сылбырлыққа тіпті төзуге болмайды. Трактор жөндеу жұмысына қазірден бастап қызу қарқын беріп, әрбір МТС тапсырманың мінсіз орындалуын қамтамасыз ету керек. Жөндеу жұмысында бригадаторлық әдісті кеңінен қолданып, еңбекті дұрыс ұйымдастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлу қажет. Әрбір жұмысшы жұмысты жеке-жеке істеп, оның өндірістік табысы дербес жазылатын болсын. Трактор жөндеуде үздік шыққан алдыңғы қатарлылардың іс тәжірибесін жұртшылық игілігіне айналдыра білу керек.

Трактор жөндеу жұмысының барысында қосалқы бөлшектер жөнінде қиыншылықтардың кездесуі мүмкін. Бұл қиыншылықтарды іс үстінде жеңу үшін әрбір маман жұмысшы және МТС басшылары игілікті іс бастап, кейбір қосалқы бөлшектерді жергілікті жердің өзінде өндіру

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясының составын бекіту туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

«ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің» 36 және 37-статьялары негізінде, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясы қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының мына өкілдерінен құрылып бекітілсін:

Орталық сайлау комиссиясының председателі Кузнецов Василий Васильевич—кәсіпшілер одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінен.

Орталық сайлау комиссиясы председателінің орынбасары Бруевич Николай Григорьевич—жоғарғы дәрежелі мектептер мен ғылыми мекемелер қызметкерлерінің кәсіпшілер одағынан.

Орталық сайлау комиссиясының секретарі Шаталин Николай Николаевич—саяси-ағарту орындары қызметкерлерінің кәсіпшілер одағынан.

Орталық сайлау комиссиясының мүшелері:
Попов Георгий Михайлович—Москва коммунистік ұйымынан,
Кузнецов Алексей Александрович—Ленинград коммунистік ұйымынан,
Абушенко Клавдия Амосовна—Белорус ССР совхоздары жұмысшылары мен қызметшілерінің кәсіпшілер одағынан,

Тихонов Николай Семенович—совет жазушылары одағынан,
Михайлов Николай Александрович—Бүкіл Одақтық Лениндік Коммунист Жастар Одағынан,

Покрышкин Александр Иванович—ССРОның Отан қорғау және авиация-химия құрлысына көмектесу (Особиахим) қоғамының Орталық Советінен,
Пылаева Нина Андреевна—Калинин облысындағы «Красный путилевец» колхозының колхозшыларынан,

Сердюк Зиновий Тимофеевич—Киев коммунистік ұйымынан,
Головатый Ферапонт Петрович—Саратов облысындағы «Стахановец» колхозының колхозшыларынан,

Шувандина Таисия Ивановна—жұмысшы Федор Зиновьев атындағы кездеме фабрикасының (Иваново қаласы) жұмысшылары, қызметшілері мен инженерлері атынан,

Шатилин Алексей Леонтьевич—Магнитогордың Сталин атындағы металлургия комбинатының жұмысшылары, қызметшілері мен инженерлері атынан,
Юсупов Усман—Өзбекстан коммунистік ұйымынан.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі
Москва, Кремль, 1945 жылғы 20 октябрь.

М. КАЛИНИН.
А. ГОРКИН.

В. М. Морозов АҚШ-тың аяғында кәсіпшілер одақтары

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 28 жылдығы мен Қазақ ССР-нің 25 жылдық даңқты мерекесі атындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерді толық жән артығымен орындау—облысымыздың әрбір еңбекшісінің ардақты борышы, абройлы іс

ДАЙЫНДАУ ОРЫНДАРЫНА АСТЫҚ ҮЗДІКСІЗ ЖӨНЕЛТІЛСІН!

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, Қазақ ССР-нің 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарысты үздік шыққан мына аудан мен колхоздар Дайындау Халық Комиссариаты облыстық өкілінің ұсынуы бойынша, облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылады:

ПЕТРОПАВЛ АУДАНЫ (ҚН(б)П аудандық комитетінің секретарі ОРЛОВ аудандық совет атқамынның председателі КРАСОВСКИЙ, Дайындау Халық Комиссариатының аудандық өкілі ШЕШУРИНОВ жолдастар).

Октябрь ауданындағы «13 жылдық» колхозы (председателі ДОСЫМ БЕКОВ жолдас).

Октябрь ауданындағы «МАРС» колхозы (председателі ЛИПКО жолдас)
Полудень ауданындағы «ВЕРНЫЙ» колхозы (председателі ХОМКОВ жолдас).

Конюхов ауданындағы КРУПСКАЯ атындағы колхоз (председателі ФРОЛОВ жолдас).

Приешім ауданының КИРОВ атындағы колхозы (председателі ҚАРАБАЛИН жолдас).

Мамлют ауданы астық тапсыруда артта қалды

Мамлют ауданы—шаруашылығы күшті аудан. Егер жергілікті партия және совет ұйымдары ауданның барлық күш-мүмкіншілігін мемлекетке астық тапсыру жұмысына толық жұмылдыра білсе мұнда астық дайындау жоспарының мерзімінен бұрын, толық орындалатындығы күмәнсіз.

Алайда аудан басшылары колхоздарда астық дайындау жұмысын ойдағыдай ұйымдастыруға жете басшылық жасай алмай және барлық күш-мүмкіншіліктің астық тапсыру жұмысына жаппай жұмылдырылуын қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырмай келеді. Осының салдары

денный атындағы колхоз. Бұл колхоз республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа ұштасқандық дайындау жоспарын 25 октябрьден сөзсіз орындап шығуға міндетте болатын.

Астық дайындаудағы шешуші ай-тыбрыдің 23 күні өтіп кетті. Ал, қолда жоспардың үштен бір бөлегі де орындалған жоқ. Астық дайындау жұмысы мұншама кешеуілдеуін колхоз басшылары өзге райының қолайсыздығынан адам күші жетпегендіктен болып деп түсіндіруге тырысады.

Бірақ колхоз басшылары өзге райындағы жоспарды орындауға тырысады.

кеш басталған, бұл жұмыста тыңғылықтылық болмаған, сөйтіп тракторлар көктемгі өгіске әзірліксіз кіріскен жерлерде тракторлармен істелетін жұмыс жоспарының орындалуы айтарлықтай болмады. Мәселен, Суворов, Булаев, Майбалық, Чистяков және Баян машина-трактор станциялары трактормен істелетін жұмыстардың жылдық жоспарын әлі күнге дейін орындаған жоқ. Тракторлардың сапасыз жөндеуі салдарынан Булаев МТС-та 34 тоннадан аса жанармай артық жұмсалды.

Бұл мысалдардан трактор жөндеу жұмысын кешегідей қандай зиян келтіретіндігі айқын көрінеді. Трактор жөндеу жұмысын кешегідей қандай зиян келтіретіндігі айқын көрінеді. Трактор жөндеу жұмысын кешегідей қандай зиян келтіретіндігі айқын көрінеді.

Трактор жөндеу—халық шаруашылық маңызы орасан зор міндет. Бұл жұмысқа МТС басшыларымен бірге жергілікті партия және совет ұйымдары да ерекше жауапты. Сондықтан жергілікті партия және совет ұйымдары МТС-тар мен совхоздарда трактор жөндеу жұмысына күнбе-күн нақтылы басшылық жасап, трактор жөндеу жөніндегі күнделік тапсырмалардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Октябрь айы—келесі жылдың ауыл шаруашылық жұмыстарына трактор паркін әзірлеудің алғашқы кезеңі. Бұл айда

Қолөнершілердің табысы

Петропавлдағы «Божимик» қолөнершілер артелінің мүшелері мемлекетіміздің күш-қуатын келешекте де арттыра беру үшін республикамыздың мерекесі атындағы социалистік жарыс туын жоғары ұстап, зор табыстарға ие болуда.

Құрал-саймандар жасайтын цехтың жұмысшылары бүкіл халықтық социалистік жарысқа ұштасқанда 10 айлық жоспарды мереке күніне дейін толық орындап, жоспардан тыс 50 мың сомның көпшілік қолды бұйымдарын өндіруге міндеттенген еді. Олар бұл міндеттемелерін мүлтіксіз орындау үшін белсене жұмыс істеп, өткен 9 айдың өндірістік жоспарын өдеуірі артығымен орындады. Сөйтіп, жоспардан тыс 40 мың сомның көпшілік қолды бұйымдарын өндірді.

Тері илеу цехының жұмысшылары қажырлы еңбек істеу нәтижесінде социалистік жарыста алған міндеттемелерін мүлтіксіз орындап келеді. Олар октябрь айы-

ның өнімін неғұрлым арттыру мақсатында, мастерскойлар ойдағыдай жабдықталып, жұмысшылар жатақханамен және азық-түлікпен толық жабдықталатын болсын.

Социалистік жарысты шын мәнінде ұйымдастыру—табысқа жетудің негізгі шарты. Сондықтан трактор жөндеу жұмысының алғашқы күндерінен бастап бригадалар, тораңтар мен жеке жұмысшылар арасында социалистік жарысты кеңінен ұйымдастырып, жарыстың нәтижелерін қабырға газеттері мен табыс тақталарына күнбе-күн жазып, жақсы тәжірибелерді көпшілік игілігіне айналдырып отыру керек. Сөйтіп трактор жөндеу жұмысында жүрген әрбір жұмысшы өзінің және басқа жұмысшылардың алған міндеттемені қалай орындағандығын күнбе-күн білін отыратын болсын.

Трактор жөндеу жұмысындағы олқылықты дереу жойып, жұмысты мейлінше өрістетуге керек. Ауыл шаруашылық жұмыстарынан босаған барлық тракторларды МТС мастерскойларына жеткізіп, жөндеу жұмысына дереу кірісу хажет.

Трактор жөндеу жұмысын қазірден бастап тыңғылықты ұйымдастырып, жұмыстың сапалы болуын, келесі жылы трактор паркінің қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін барлық күш-мүмкіншілікті түгел жұмылдырайық!

Е. МАЛАЕВ.

ЖАҢА БЫЛҒАРЫ ЗАВОДЫ

КОЖИМЕТ. Зеренді ауданындағы «Становое» қолөнер артелі жаңадан былғары заводын салып жатыр. Былғары заво-

ддың салуға 146 мың сом қаржы бөлінді. Завод осы жылдың аяғында пайдалануға тапсырылады.

(ҚазТАГ).

сінің өкілдері: Д. Кәріді (өкілдердің басшысы), А. Хейвудты, Д. Кэрренді, А. Фицджеральді, Э. Ривиді, Д. Гринді, Р. Робинсонды, Л. Дикон, Л. Прессманді,

В. М. Молотов Чехословакия елшісі Б. Горак мырзаны қабылдады

22 октябрьде СССР Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов Чехословакия Республикасының СССР-дағы Төтенше және Полномочіелі елшісі Б. Горак

секретарьлары Е. Я. Сидоренко, Л. Н. Соловьев және Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советі Президиумының мүшесі Л. В. Марков болды.

мырзаны оның алдағы уақытта СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателіне өзінің сенім грамоталарын тапсыруына байланысты қабылдады.

КЕНШІЛЕРДІҢ КОЛХОЗДАРҒА КӨМЕГІ

АҚТӨБЕ. Кемпірсай никель рудниктерінің кеншілері Степной ауданының колхозшыларына зор көмек көрсетуде. егін орағы кезінде олар ауыл шаруашылық артельдеріне комбайншылар, тракторшылар, слесарьлар, ұсталар жіберді, жексен білік жасап, колхоздың 75 гектар егінін пөмелеге салды, 100 тонна астықты веялап тазартып берді. Кен басқарма-

сы колхоздарға 10 автомобиль жіберді. Бұл автомашиналар дайындау пункттеріне 25 мың 500 центнер астық жеткізіп берді.

Кемпірсай кеншілерінің жәрдемі арқасында Степной ауданының колхоздары астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, қазіргі уақытта жоспардан тыс астық тапсыруда.

(ҚазТАГ).

Көп балалы аналарды „Ана медалі“ медалімен наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

(Соңы. Басы газетіміздің 207-санында).

Бес бала тауып, тәрбиелеп өсірген аналар II-дәрежелі «Ана медалі» медалімен:

17. Есқанова Шәмшінұр—үй шаруасындағы әйел, Мамлют селосы, Мамлют ауданы.

18. Калинина Анисия Константиновна—жұмысшы әйел, Петропавл қаласы.

19. Карниева Прасковья Семеновна—Мамлют ауданы, Орел селосы «Красный Орел» колхозының мүшесі.

20. Ниязова Мангиян—үй шаруасындағы әйел, Мамлют селосы, Мамлют ауданы.

21. Ночерева Анна Гавриловна—үй шаруасындағы әйел, Мамлют селосы, Мамлют ауданы.

22. Ночетнова Мария Алексеевна—колхозшы әйел, Коваль селосы, Мамлют ауданы.

23. Нудрякова Мария Афанасьевна—Мамлют ауданы, Белое селосы, «Зерновая фабрика» колхозының мүшесі.

24. Любих Елизавета Игнатьевна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

25. Майорова Евдокия Васильевна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

26. Малышко Мария Ивановна—Мамлют ауданы, Коваль селосы, «Большевик» колхозының мүшесі.

27. Мартынова Акулина Васильевна—жұмысшы әйел, Коваль селендік советі,

Мамлют ауданы.

28. Матвеева Мария Дмитриевна—үй шаруасындағы әйел, Мамлют селосы, Мамлют ауданы.

29. Медютова Анастасия Романовна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

30. Медахтинова Хафиза—үй шаруасындағы әйел, Мамлют селосы, Мамлют ауданы.

31. Миляшева Майнұр—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

32. Нурышева Лукерья Ефимовна—үй шаруасындағы әйел, Коваль селосы, Мамлют ауданы.

33. Мұқаметова Хадиса—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

34. Мухина Дарья Ивановна—үй шаруасындағы әйел, Мамлют селосы, Мамлют ауданы.

35. Никитина Екатерина Кирилловна—жұмысшы әйел, Петропавл қаласы.

36. Петелина Александра Самойловна—жұмысшы әйел, Петропавл қаласы.

37. Пироженко Мария Ивановна—үй шаруасындағы әйел, Мамлют селосы, Мамлют ауданы.

38. Пономарева Александра Ивановна—үй шаруасындағы әйел, Мамлют селосы, Мамлют ауданы.

39. Пояркина Целая Дмитриевна—үй шаруасындағы әйел, Мамлют станция

сы, Мамлют ауданы.

40. Прасолова Евдокия Прокопьевна—колхозшы әйел, Щучье селендік советі, Мамлют ауданы.

41. Романова Анна Васильевна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

42. Савина Екатерина Павловна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

43. Сафина Халима Фазылжанқызы—жұмысшы әйел, Петропавл қаласы.

44. Самкина Евдокия Алексеевна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

45. Семухина Ульяна Петровна—үй шаруасындағы әйел, Мамлют станциясы, Мамлют ауданы.

46. Семухина Прасковья Никитична—колхозшы әйел, Белое селосы, Белое селендік советі, Мамлют ауданы.

47. Снакова Мария Степановна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

48. Суслова Александра Егоровна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

49. Тариева Крестинья Ивановна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

50. Туркова Анастасия Константиновна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

51. Тухбатуллина Құрбанбике Тоғұлқызы—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

52. Оразалина Ғафабану—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

53. Черникова Акулина Федоровна—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

54. Шабанова Лукерья Андреевна—шаруасындағы әйел, Мамлют станциясы, Мамлют ауданы.

55. Шеріпова Шәмшінұр—үй шаруасындағы әйел, Петропавл қаласы.

56. Шевченко Мария Ивановна—шаруасындағы әйел, Покровка селосы, Мамлют ауданы.

57. Шевченко Александра Севастьяна—үй шаруасындағы әйел, Мамлют селосы, Мамлют ауданы.

58. Шедловская Устинья Лаврентьевна—Мамлют ауданы, «Красный Орел» колхозының мүшесі.

59. Щербинина Христина Егоровна—үй шаруасындағы әйел, Мамлют селосы, Мамлют ауданы.

60. Якушева Анастасия Евдокимовна—Мамлют ауданы, Белое селосы, «Зерновая фабрика» колхозының мүшесі.

8. ҚАЗАҚБАЕВ, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретарі С. НҰРМАҒАМБЕТОВ.

Алматы қаласы.

1945 жылғы 14 август.

НЕМІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ СОҒЫС ҚЫЛМЫСШЫЛАРЫН СОТТАУ ТУРАЛЫ

октябрьде Берлинде Халықаралық Трибуналының негізгі 24 неміс қылмысшыларын айыптауға арналған шешімді өткізді.

Халықаралық соғыс Трибуналы бекітілген қорытындысының қысқаша нұсқасын келтіреміз.

Тік Социалистік Республикалар

Ұлы Британия мен Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Америка Құрама Штаттары, Француз Республикасы, 1945 жылғы 8 августа жасалған келісім және бұл Трибуналдың бойынша негізгі соғыс қылмысшының айыбын тексеру және оларға жолымен айыптау үшін өздерінің серінен тиісті өкілдік алған төмендегі Р. А. Руденко, Хартман Шоу-Роберт Г. Джексон және Франсуа Антон арқылы төменде аталған адам:

Герман Вильгельм Герингті, Рудольф Гессі, Иоахим фон Риббентропты,

Лейд, Вильгельм Кейтельді,

Кальтенбруннерді, Альфред Розенбергті, Ганс Франкті, Вильгельм Фричті,

Штрейхерді, Вальтер Функті, Хальдиха, Густав Крупп фон Болен,

Гельмгольд Карл Деницті, Эрих Рейхенбахты, Карл Деницті, Эрих Рейхенбахты, Карл Деницті,

Бальдур фон Ширахты, Фриц Зауер, Альфред Иодльді, Мартин Борман,

Франц фон Папенді, Артур Зейсс-Инкварт, Альберт Шпеерді, Константин

Гейратты және Ганс Фричнен жеке бас жөнінде және өздері болған топтар немесе ұйымдардың қайсысы болса

ап айтқанда үкімет кабинетінің, ұлт социалистік партияның басшылық

тық Германия ұлтшыл-социалистік партиясының саяси органдарының (СС),

ішінде хауісіздік қызметінің (СД), жеттік астыртын полицияның (гес-

Германияның ұлтшыл-социалистік партиясының штурм отрядтарының (СА),

анияның қарулы күштерінің бас штаб мен жоғарғы командованиесінің мүше-

ретінде бейбітшілікке қарсы қылмыс жасаған жөніндегі қылмыстар, адам

лікке қарсы қылмыстар істеуде жа-рибуналдың Уставында көрсетілген

ыстарды істеу үшін жалпы жоспар ұстауда немесе заговор жасауда айып-

бұған сәйкес оларға төмендегідей жариялайды.

Айыптау қорытындысының I-бөлімінде, айыпкерлердің бәрі басқа адамдармен

1945 жылғы 8 майға дейінгі бір жылдар бойына, осы Трибуналдың

ында көрсетілген бейбітшілікке қар-

тан совет жеріне тап берді. Сөйтіп Советтер Одағына қарсы шапқыншылық соғыс бастады.

Советтер Одағының жеріне басып кірген күннен бастап гитлершіл заговоршылар егжей-тегжейлен жасалған жоспар бойынша қалалар мен селоларды қыратуға, фабрикалар мен заводтарды, колхоздар мен совхоздарды, электр станцияларды мен темір жолдарды жоюға. Советтер Одағы халықтарының ұлттық-мәдени орындарын талауға, аяулы ескерткіштерді, музейлерді, мектептерді, ауруханаларды, шіркеулерді, тарихи ескерткіштерді талқылауға, совет адамдарын жанпай Германияға құлдық жұмысқа айдап әкетуге кірісті, сол сияқты ересек адамдарды, әйелдерді, қарттарды, балаларды, әсіресе ормандарды, бедрустарды, украиндарды өлтіруге, еврейлерді барлық жерде қыруға кірісті.

Бұл қылмыстардың бәрін Германия әскерлері нацистер (гитлершілер) үкметінің, Германияның қарулы күштерінің бас штабы мен жоғарғы командованиесінің тікелей бұйрықтары бойынша істеді.

Шапқыншылық соғысты бастағаннан кейін нацист заговоршылар Германия—Италия—Жапонияның 10 жылдық соғыс-экономикалық одағы туралы келісім жасауға даярланды. Ол кезде нацист заговоршылар жүргізген шапқыншылық соғыстың табысты болуынан пайдаланып, 1941 жылғы 7 декабрде Жапония Пирл-Харборда және Филиппин аралдарында Америка Құрама Штаттарына, сол сияқты Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс жағында Британия Ұлттар бірлігіне, Франциялық Индо-Қытайға және Нидерландқа шабуыл жасады. 1941 жылғы 11 декабрде Германия Құрама Штаттарға соғыс жариялады.

Айыптау қорытындысының соғыс қылмыстары туралы III-бөлімінде жоғарыда аталған айыпкерлердің бәрі 1939 жылғы 1 сентябрден 1945 жылғы 8 майға дейінгі уақыттың ішінде Германияда және Германияның қарулы күштері басып алған барлық елдер мен облыстарда қандай соғыс қылмыстары істегені көрсетілген.

Бұл қылмыстарды айыпкерлер және басқа адамдар істегені, ол адамдардың қылмыстары үшін осы айыпкерлер жауапты (бұл Трибуналдың Уставының 6-статьясы бойынша) өйткені бұл басқа адамдар соғыс қылмыстарын істегенде, соғыс қылмыстарын жасауды мақсат еткен жалпы жоспар мен заговорды оры-

Батыс және шығыс елдері Германияның табаны астында болған уақыттың ішінде Германияның үкметі және жоғарғы командованиесі дені сау азаматтарды құл есебінде соғыс заводтарындағы жұмыстарға және Германияның соғыс жүргізуіне байланысты жұмыстарға салу үшін Германияға және басқа басып алынған елдерге айдап әкету саясатын жүргізді.

Германияның басқыншылық өкмет орындары Советтер Одағының 4 миллиондай азаматын құлдыққа айдап әкетті. Германияның өз ішінде соғыс хажетін өтейтін еріксіз жұмыстарға салу үшін Чехословакиядан 750 мың адамды айдап әкетті.

Германияға қарсы соғысқан елдердің соғыс тұтқындарын және басқа қызметкерлерін, сол сияқты ашық төңізде болған адамдарды өлтіру, оларға қаталдық істеу туралы параграфта айыпкерлердің соғыс тұтқындарын өлтіргені, оларға қаталдық істегені, тамақ, баспана, киім бермегені, дәрігерлік жәрдем көрсетпегені, адам төзбейтін жағдайда жұмыс істеткені, оларға азап көрсеткені, жан түршігерлік қорлық көрсеткені, бұдан кейін оларды өлтіргені айтылған. Германияның үкметі мен жоғарғы командованиесі соғыс тұтқындарын әртүрлі тұтқын лагерьлеріне қамады, онда бұларды өлтіре берді, әртүрлі әдістермен оларға сұраныл қысым көрсетті. Германияға қарсы соғысқан елдердің соғыс қызметшілерін, олар қолға берілген кезде көп уақытта өлтіріп тастады.

Бұдан кейін айыптау қорытындысында немістердің Америка, Франция, Англия және Совет соғыс тұтқындарын өлтіргені, оларға қаталдық істегені туралы мәліметтер келтірілген.

1941 жылғы сентябрде Смоленск маңындағы Катин орманында гитлершілер Польшаның қолға түскен офицерлерін жанпай қырғынға ұшыратты.

Айыптау қорытындысында немістердің Францияда, Голландияда, Бельгияда, Югославияда және Советтер Одағында кепілге алынған адамдарды өлтіргені туралы айғақтар келтірілген.

Нацистердің соғыс күшін арттыру, Европаның басқа елдерінің халқын азайту, жекшылыққа ұшырату, өздерін және өздерінің сыбайластарын байыту, Германияның Еуропаға экономика жағынан үстемдік жүргізуіне көмектесу үшін айыпкерлер өздері басып алған елдердің халқының күшін білмей Айыптау қорытын-

дымын өнеркәсіп үйлерін және басқа орындарды қыратқаны, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын талағаны, Латвия, Эстония совет республикаларынан және Чехословакиядан көркем өнер шығармаларын тасып алып кеткені туралы толық мәліметтер келтірілген.

Германия басып алған көп жерлерде айыпкерлер бұл елдерді саясат, мәдениет, әлеумет және экономика жөнінде Германиямен араластырып мүлде елдігін жоюға үнемі әрекет етіп отырған.

Айыпкерлер бұл елдердің бұрынғы ұлттық сипатын жоюға тырысқан. Бұл жоспарлары мен ниеттерін орындау үшін айыпкерлер негізінде неміс емес адамдарды күшпен жер аударып, олардың орнына мыңдаған неміс отаршыларын орналастырған.

Адамгершілікке қарсы қылмыстар бөлімінде айыпкерлердің 1945 жылғы 8 майға дейінгі уақыттың ішінде Германияда және Германияның қарулы күштері басып алған елдер мен жерлердің бөлімінде, 1939 жылғы 1 сентябрден бастап, Австрияда, Чехословакияда, Италияда және ашық төңізде адамгершілікке қарсы қылмыстар істегені көрсетілген.

Айыпкерлер Германияда нацист үкметіне қарсы және I-бөлімде айтылған жалпы жоспарға немесе заговорға қарсы болған немесе қарсы деп сезіктелген, не болмаса жау болуы мүмкін деп танылған адамдарды қудалау, қысым көрсету, өлтіру саясатын жүргізген.

Заговоршылардың ниетін жүзеге асыру үшін арнаулы соттар құрылған, тіпті нацистік заңдармен де есептеспей іс істеуге, «жағымсыз» деп танылған адамдардың және істердің бәрін жоюға рұқсат етілген. Әртүрлі тұтқын лагерьлері қатарында 1933 жылы құрылған Бухенвальд және 1934 жылы құрылған Дахау лагері болған.

Бұл лагерьлерде жай адамдарды зорлықпен құлдық жұмысқа салған, оларға қаталдық істеген және әртүрлі әдістермен өлтірген, оның ішінде жоғарыда III-бөлімде көрсетілген әдістерді қолданған.

Бұл қылмыстар және бұл саясат 1939 жылғы 1 сентябрден кейін басып алынған елдерде 1945 жылғы 8 майға дейін жүргізіліп келген.

Жоғарыда айтылғандар негізінде бұл айыптау қорытындысы ағылшын, француз және орыс тілінде Трибуналға тапсырылды. Айыптау қорытындысының бұл үш тілде жазылған даналарының әрқайсысының күші білмей Айыптау қорытын-

дымыстағы басып алынған жерлердің империялық министрі; Фрик—Богемия мен Моравияның империялық протекторы; Зау-кель—жұмысшы күшін пайдалану жөніндегі бас өкіл; Шпеер—қару-жарақ жөніндегі бас өкіл; Функ—Германияның империялық банкінің председатели, империяның қорғау жөніндегі министрлер кеңесінің мүшесі; Крупп—Германия өнеркәсібінің империялық ұйымының президенті; Нейрат—астыртын кеңестің президенті, Богемия мен Моравияның империялық протекторы; Зейсс-Инкварт—басып алған Польша жерлері генерал-губернаторының орынбасары және басып алынған Нидерландтар елінің империялық комиссары; Кейтель—империяның қорғау жөніндегі министрлер кеңесінің мүшесі, Фельдмаршал; Иодль—Германияның қарулы күштерінің жоғарғы командованиесі штабының бастығы;—айыптау қорытындысының I-бөлімінде көрсетілген қылмыстарды (гитлершіл заговоршылардың өкметті қолға алуына, Германияда олардың өкмет билігінің нығаюына көмектесу, шапқыншылық соғыстар жүргізуге даярлану), II-бөлімде көрсетілген қылмыстарды (бейбітшілікке қарсы қылмыстарды, III-бөлімде көрсетілген қылмыстарды (соғыс қылмыстары) және IV-бөлімде көрсетілген қылмыстарды (адамгершілікке қарсы қылмыстарды) істеуде айыпталады.

Кальтенбруннер—хауісіздік полициясының және хауісіздік қызметінің бастығы; Борман—нацистердің партиялық кеңесінің басшысы, фюрердің секретарі; Франк—басып алынған Польша жерлерінің генерал-губернаторы; Лей—Германияның еңбек майданы деген ұйымының басшысы; Фрич—радио қызметінің және пропаганда министрлігінің ішкі істер бөлімінің бастығы;—айыптау қорытындысының I, II және IV-бөлімдерінде көрсетілген қылмыстарды істеуде айыпталады.

Шахт—Германияның империялық банкінің президенті; Папен—Германияның Түркиядағы елшісі;—айыптау қорытындысының I және II-бөлімдерінде көрсетілген қылмыстарды істеуде айыпталады.

Ширах—гитлершіл жастардың бастығы, Венадың наместнигі және гаулейтері; Штрейхер—Франконияның гаулейтері, еврейлерге қарсы «Дер штрюмер» газетінің бас редакторы;—айыптау қорытындысының I және IV-бөлімдерінде көрсетілген қылмыстарды істеуде айыпталады.

Редер—Германияның соғыс-теңіз флотының адмирал инспекторы; Дениц—Гер-

Одақтастардың Германиядағы Бақылау Кеңесінің тоғызыншы мәжілісі

Мәлімдеме

БЕРЛИН, 21 октябрь. (ТАСС). 20 октябрьде Берлинде генерал Бонигтц председатели етуімен Одақтастардың Германиядағы Бақылау Кеңесінің тоғызыншы мәжілісі болды. Мәжіліске Советтер Одағынан Маршал Жуков, Америка Құрама Штаттарынан армия генералы Эйзенхауэр және Ұлы Британия мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігінен генерал Робертсон қатысты.

Бақылау Кеңесі жұмыс істеуші герман халқының еңбек ақысына, сол сияқты кәсіп орындары мен сауда орындарының табысына салық салу мәшһерін көбейту туралы заңды қарады.

Сот реформасының негізгі принциптері туралы неміс халқына арналған прокламацияға қол қойылды. Заң мен прокламация 22 октябрьде жарияланды.

Адамдарды Америка армиясының қатарынан босатудың барысы

НЬЮ-ЙОРК, 20 октябрь. (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігінің хабары бойынша, сенаттың соғыс істері жөніндегі комиссиясында сөз сөйлеп, бас штаб бастығының орынбасары бригада генералы Берри Америка армиясының қатарында 15 октябрьге дейін 6 миллион 990 мың адамның қалғандығын, оның ішінде 1 миллион 930 мың адам Атлант мұхиты ауданында, 2 миллион 10 мың адам Тынық мұхиттың барлық аудандарында және 9 миллион 50 адам Құрама Штаттарында болғандығын мәлімдеді. Быйылғы ноябрьде бұдан 1 миллион 100 мың адам армия қатарынан босатылмақ.

Франциядағы сайлаудың алдын-ала қорытындылары

БРАЗЗАВИЛ, 23 октябрь. (ТАСС). Браззавил радиосы француз метрополитенінде жалпыға бірдей сайлаудың нәтижелерін жариялады. 522 мандат мынадай партиялар мен топтарға бөлінді:

Коммунист партиясы мен «Француздың бірлестік қозғалысы» 142 орын; социалистер партиясы мен «демократиялық және социалистік қарсылық көрсету одағы»—133 орын; «халық республикалық қозғалысы» партиясы (христиан демократтары) 140 орын; «адикалдар мен радикал-социалистер партиясы»—18 орын; жай топтар—71 орын; әртүрлі партия

қа болса басқа адамдардың істері үшін жеке бастары жауапты айтылған. Жалпы жоспар негізгілікке қарсы қылмыстар жазаланды, атап айтқанда, айыпкер-қыншылық соғыстарды жоспар-аярлады және мұндай соғыстарды. Бұл соғыстар халықаралық және міндеттемелерді бұзған, үлгіздің барлық ережелері мен рін бұзған, басып алынған азаматтарын өлтіру, аяуандықтарды құлдық жұмысқа салу, соққыларын өлтіру, оларға аяуандық еңірге алынған адамдарды өлтіру, қ және жеке меншікті талау, ұл-пілі қалалар мен деревняларды ағнасыз қырату, соғыс үшін олмаған бүліншілік жасау сияк-герді қолданған соғыстар болды. жоспар немесе заговор Германия-ол сияқты басып алынған елдер-халықты өлтіру, қыру, құлдыққа ор аудару және аяуандық істеу амалдар да қолданды, саяси көз-басқа нәсілде басқа дінде бол-пін құлдануды көздеді, айыпкер-ның бәрін орындауға бұйрық бер-ды, заңсыз немесе басқыншылық-рды даярлау және жүзеге асыру-н орындау үшін соғысқа дейін-ғыс кезінде азаматтарға қарсы-і қатал шаралар қолданды. н кейін айыптау қорытындысында-ілдердің бейбітшілік халықтарға-заговор ұйымдастыруының жалпы-ары мен әдістері. Германияда на-ің өкметті басып алуы, қоғам-сының және қоғамдық тұрмыстың-демократияшыл түрлерін жоюы-р тәртібіне қарсы адамдардың бө-і қақсатқаны, гитлершілдердің Ав-л, Чехословакияны, Польшаны ба-уға даярланғаны және іс жүзінде-алғаны айтылған. іц, Австрия мен Чехословакияға-і жасау жолымен фашист заговор-даярлаған шапқыншылық соғыс-а, 1928 жылғы Бриан-Келлог шар-зып, Польшаға тап беруінен бас-Польша толық жеңілгеннен кейін-рдің қарулы күштеріне 1940 жыл-әпрелде Дания мен Норвегияға ба-руге, 1940 жылғы 10 майда Бель-Нидерландқа, Люксембургке, 1941-6 әпрелде Югославия мен Грекия-ын кіруге бұйрық берілді. Мұның-жей-тегжейіне дейін күнілгері жо-сы. 1 жылғы 22 июньде фашист за-ылар Германия мен Советтер Ода-сындағы тиіспеу туралы шартты-дықпен бұзып, соғыс жарияламас-

пинтер барлық мәдениетті ұлттардың қы-мыс заңдарынан туады. Өздерінің қарулы күштері басып алған-жерлерді билеп-төстеген уақыттың ішінде-айыпкерлер жергілікті халыққа қысым-көрсетіп, қорқытып ұстау мақсатымен-азаматтарды заңды сотсыз өлтіре берді, азап көрсетті, қаталдық істеді, оларды-түрмеге жапты. Азаматтарды өлтіргенде қатал ұстаған-да әртүрлі әдістер қолданылды, оның-ішінде ату, дарға асу, газбен тұншықты-рып өлтіру, аштан өлтіру, шамадан тыс, тар жерде тығыз ұстау, ашықтыру, зор-лықпен үнемі ауыр жұмысқа салу, таза-лық жоқ жерде ұстау, дәрігерлік-жәрдем көрсетпеу, сабап, неше түрлі-қаталдық істеп, азап көрсету, оның ішін-де адамның денесіне қыздырған темір ба-су, тырнақтарын жұлу, тірі адамдарға-операция жасау жолымен тәжірибе жасау-сияқты және басқа сондай әдістер қол-данылды. Басып алған кейбір жерлерде-айыпкерлер діни ғибадат істеуге тыйым-салды, дін қызметкерлері мен сопыларды-қудалады, шіркеу мүлкін тартып алды. Олар халықтарды қасақана және үнемі-қырғынға ұшыратты, яғни белгілі нә-сілдің және ұлттық топтардың адамдарын-жаппай қырды, жеке нәсілдер мен жеке-халық топтарын, сол сияқты ұлттық нә-сілдік және діни топтарды жою үшін, ба-сып алынған жерлерде жай халықты қыр-ғынға ұшыратты. Жай азаматтардан әр-түрлі мәлімет алу мақсатымен оларға-үнемі неше түрлі азап көрсетті. Бұдан кейін айыптау қорытындысында-нацистердің Францияда, Данияда, Бель-гияда, Голландияда, Люксембургте, Италия-да, Польшада, Чехословакияда және Югос-лавияда халыққа қаталдық істегені, ха-лықты қырғынға ұшыратқаны, азап көр-сеткені туралы айғақтар келтірілген. Айыптау қорытындысында нацистердің-Советтер Одағында халықты жаппай қыр-ғаны туралы айғақтар бар. Львов облысы мен Львов қаласында не-містер 700 мыңдай совет адамдарын өл-тірді. Литва ССРында совет азаматтарын жап-пай қырғынға ұшыратты, атап айтқанда-Панорада кемінде 100 мың адамды, Каунаста 70 мыңнан аса адамды, Алит-седе 60 мыңдай адамды өлтірді. Латыш ССРында 577 мың адам, Смо-тенскі облысында 135 мыңнан аса совет-заматты өлтірілді. Ленинград облысында 172 мыңнан аса-адам азаппен өлтірілді, оның ішінде Ле-нинград қаласында, жаудың аяуандықпен-бомбалауы және артиллериядан оқ жау-дыруы нәтижесінде 20 мыңнан аса адам-өлді.

лап алғаны, жоңғаны толық көрсетілген. Советтер Одағының жерінде нацист за-говоршылар 1710 қаланы және 70 мың-нан аса деревня мен елді жерлерді жойып-жіберді, 6 миллионнан аса үйді жойды, қыратты, 25 миллиондай адамды баспа-насыз қалдырды. Әсіресе, Сталинград, Се-вастополь, Киев, Минскі, Одесса, Смолен-скі, Новгород, Псков, Орел, Харьков, Во-ронезж, Дондағы Ростов, Сталино және Ленинград қалалары мықтап қыратылды. Германия командованнесінің арнаулы-меморандумына қарағанда, нацист заговор-шылар совет елінің қалаларын тұтасынан-жоюды көздеген. Мұнан кейін айыптау қорытындысында

ның ырықпен қоралды атынан дартып-Шоукросс. АҚШ атынан Роберт Джексон. Француз Республикасы атынан Фран-суа Де-Ментон. Айыптау қорытындысында тіркелген-А қосымшасында әрбір айыпкердің жеке-жауаптылығын анықтайтын материалдар-бар. Геринг—соғыс-әуе күштерінің бас қол-басшысы, мемлекетті қорғау жөніндегі-министрлер кеңесінің председатели; Риб-бентроп—сыртқы істер империялық ми-нистрі; Гесс—мемлекетті қорғау жөніндегі-министрлер кеңесінің мүшесі, Фюрердің, орнына лайықталған адам; Розенберг—

ның топтары мен ұйымдары, және канда: Германияның нацистер үкметі, на-цистер партиясының басшы тобы, саяси-отрядтары (СС), оның ішінде, хауіпсіздік-қызметі (СД), мемлекеттік астыртын поли-ция (гестапо), штрум отрядтары (СА), Германияның қарулы күштерінің бас шта-бы және жоғарғы командованнесі атап-көрсетілген. В қосымшасында мұнан бас-қа, бұл ұйымдардың қылмыстық әрекетін-сипаттайтын материалдар келтірілген. Айыптау қорытындысына тіркелген-С қосымшасында Германияның қандай ха-лықаралық шарттарды, келісімдерді, уә-делерді бұзғаны және оның әрқайсысын-қалай бұзғаны толық атап көрсетілген.

миссиясының председатели Эгерт Америка-өкмет орындарының 15 соғыс қылмысы-ның Чехословакия әскерлерінің қарамағы-на бергендігін хабар етті. Олардың ішінде-словак халқына опасыздық істеген мына-адамдар бар: «Словакияның бұрынғы-қуыршақ президенті» Йозеф Трисокий, агент және бұрынғы «бас министр» док-тор Тука, бұрынғы «министр» Пружин-ский, атышулы сойқаншы авантюрист-және бұрынғы «ішкі істер министрі»-Александр Мах, сол сияқты «министр-лер» доктор Генза Медрицкий және док-тор Ковач- атышулы гитлершіл нәсихат-шы Тидо Ганшпар, «Глинковский» гвардия-сының штаб бастығы» Кувало, Словакия-ның қуыршақ «парламенті» председатели-нің орынбасары доктор Оплуштил және-басқалары бар.

Чехословакия үкметінің 1945 жылғы-5 әпрелдегі декларациясының негізінде-бұл опасыздардың бәрі жауапқа тартыла-ды және олардың істері Братиславадағы-соғыс сотына беріледі.

Франциядағы жалпыға бірдей-сайлау мен референдум

ПАРИЖ, 21 октябрь. (ТАСС). Ресми-мәліметтер бойынша, бүгін 21 октябрьде-болып жатқан сайлау мен референдумға-қатысу үшін Францияда 24 миллион 132-мың 129 сайлаушы тіркелген. Сайлаудың-жалпы қорытындылары 22 октябрьде түс-ке дейін, ал референдумның қорытынды-лары 22 октябрьде кешкілікте мәлім бол-мақ.

Англияда порт жұмысшыла-рының ереуілі

ЛОНДОН, 21 октябрь. (ТАСС). Рейтер-агенттігінің хабары бойынша, ереуіл бо-лып жатқан Биркенхэдтің порт жұмыс-шылары 19 октябрьде қабылданған қа-рарға қарамастан, 20 октябрьде жұмысқа-кіріспеген. Жұмысшылар ереуіл жасап-жүрген порттарға кемелердің жүгін түсі-ру үшін жаңа әскер күші жіберілген.

Жауапты редактор-В. ОСПАНОВ.

ОКТАБРЬ КИНО-ТЕАТРЫНДА-Бүгін және күн сайын «ОРАЛ ЖЕҢІСТІ ШЫНДАУДА»-деген көркем суретті дыбысты фильм-көрсетіледі. Ойын кешкі сағат 4-6-8-10-да бастала-ды. Касса күндізгі сағат 3-тен бастап-ашық. Күндіз —«Отанның игілігі үшін»-деген-фильм. Ойын күндізгі сағат 12-2-де басталады.-Касса сағат 11-ден бастап ашық.

Немістердің негізгі соғыс қылмысшыларының ісі жөніндегі-Халықаралық соғыс Трибуналының бірінші ашық мәжлісі

БЕРЛИН, 18 октябрь. (ТАСС). Бүгін-Берлинде немістердің негізгі соғыс қыл-мысшыларының ісі жөніндегі Халықара-лық соғыс Трибуналының бірінші ашық-мәжлісі болып өтті. Халықаралық соғыс-Трибуналының мүшелері: Советтер Ода-ғынан—заң генерал-майоры Никитченко-және оның орынбасары Волчков, АҚШтан—судья Бидл және оның орынбасары-Паркер, Ұлы Британиядан—судья лорд-Лоуренс және оның орынбасары Биркетт, Франциядан—судья де Фарбр және оның-орынбасары Фалькоз сот үстелі жанынан-орын алды.

Мәжліске Советтер Одағының Халық-аралық соғыс Трибуналындағы бас айып-таушысы Руденко және оның көмекшісі-Денисов, Ұлы Британияның бас айыптау-шысы Хартли Шоукросс, АҚШтың бас-айыптаушысы Роберт Джексонның көмек-шісі Шей, Францияның бас айыптаушы-сы Франсуа Де-Ментонның көмекшісі-Дюбосс қатысты.

Немістердің негізгі соғыс қылмысшыла-рын соттау үшін құрылған Халықаралық-соғыс Трибуналының бірінші ашық мәж-лісі дәл 10 сағат 30 минутта ашық деп-жарияланды. Трибуналдың барлық мүше-лері кезекпен ант беріп, олар өз міндетте-рін адал, дұрыс және шын ниетпен орып-дайындықтары туралы салтанатты түрде-мәлімдеме жасады.

Мәжілісті Халықаралық соғыс Трибуна-лының Советтер Одағынан мүшесі ге-нерал-майор Никитченко ашып, мынадай-мәлімдеме жасады:

«Белдікке қараған Еуропалық елдердің-немістердің негізгі соғыс қылмысшыла-рын соттап жазалау туралы мәселе жа-йында Советтік Социалистік Республика-

лар Одағы үкметінің, Француз республи-касы Уақытша үкметінің, Америка Құра-ма Штаттары үкметінің, Ұлы Британия-мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Ко-рольдігі үкметінің 1945 жылғы 8 августы-дағы Лондонда жасаған келісіміне сәйкес, айыптау қорытындысын қабылдау мақса-тында Берлиндегі Халықаралық соғыс-Трибуналының осы мәжілісі шақырылып-отыр. Халықаралық соғыс Трибуналының-мәжілісін ашық деп жариялаймын».

Бұл мәлімдеме француз және ағылшын-тілдерінде қайталап айтылды.

Бұдан соң Советтер Одағының бас-айыптаушысы Руденко сотқа айыптау-қорытындысының орысша сөзін тапсыр-ды, ал Францияның, Ұлы Британия мен-АҚШтың айыптаушы өкілдері айыптау-қорытындысының француз және ағыл-шын тілдеріндегі сөздерін тапсырды. Бас-айыптаушылар айыптау қорытындысы-ның бұл сөзін бас айыптаушылар комите-тінің бірауыздан қабылдағандығын мәлім-деді.

Бас айыптаушылар комитеті орыс, француз және ағылшын тілдеріндегі айып-тау қорытындысын тапсырғаннан кейін, председателдік етуші генерал-майор Ни-китченко мәлімдеме жасады. Мәлімдемеде-сылай делінген: «Бас айыптаушылар-комитеті тапсырған айыптау қорытынды-сында мына айыпкерлердің: Герман Виль-гельм, Герингтің, Рудольф Гессінің, Иоа-хим фон-Риббентроптың, Роберт Лейдің, Вильгельм Кейтельдің, Эрнст Кальтен-бруннердің, Альфред Розенбергтің, Ганс-Франктің, Вильгельм Фрихтің, Юлиус-Штрейхердің, Вальтер Функтің, Хальмар-Шахттың, Густав Крупп фон-Болен-Унд-Гальбахтың, Карл Деництің, Эрих Редер-

дің, Бальдур фон-Ширахтың, Фриц Зау-кельдің, Альфред Йодльдің, Мартин Бор-манның, Франц фон-Папеннің, Артур Зейсс-Инкварттың, Альберт Шпеердің, Конс-тантин фон-Нейраттың және Ганс Фриче-нің жеке бастарының және олар болған-топтардың немесе ұйымдардың қайсысы-ның болсын мүшелері ретінде айыпты-екендіктері айтылған.

Халықаралық соғыс Трибуналы Уставы-ның 16- және 23-статьяларына сәйкес, айыпкерлер өзін-өзі қорғай алады немесе-өз елінде сот алдында міндеттерін орын-дауға правосы бар қорғаушылардың іші-нен өзіне қорғаушы таңдап ала алады, не болмаса соғыс Трибуналы тағайында-ған арнаулы қорғаушы арқылы өзін-қорғау ісін жүзеге асыра алады. Арнау-лы секретарь бөлінеді. Оның міндеті-айыпкерлерге олардың правосын түсінді-ру. Егер айыпкерлердің бірі өз міндетте-рін орындай алмайтын қорғаушы таңдап-алуды тілесе, онда Трибунал оған қор-ғаушы тағайындап береді.

Айыптау қорытындысы айыпкерлерге-бүтін тапсырылады.

Халықаралық соғыс Трибуналы Нюрн-бергте сот болатын күнді айыптау қоры-тындысын тапсырғаннан кейін 30 күннен-кешіктірмей тағайындайды.

Айыптау қорытындысы бийылғы 18-октябрьде бейсенбі күні, гринвич уақыты-мен 20 сағатта Лондонда, Москвада, Ва-шингтон мен Парижда бір мезгілде жария-ланады».

Председателдік етуші генерал-майор-Никитченконың бұл мәлімдемесінен кейін-Халықаралық соғыс Трибуналының бірін-ші ашық мәжілісі жабылды.